



ХҒТАР: 03.01.09

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-151-2-276-286>

Тоғыз оғыз этнонимінің генезисі және қазіргі түркі халықтарымен этникалық байланысы

А.Б. Рысбекова 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

(E-mail: aknur_rysbekova2023@mail.ru)

Аңдатпа. Түркі халықтарының тарихындағы ерте орта ғасыр кезеңі әлі де нақтылықты, терең зерттеуді қажет етеді. Әрбір халықтың тарихын зерттеуде этногенез мәселесінің алатын орны өте маңызды. Өкінішке орай, қазіргі түркі халықтарының этногенезі мәселесі әлі де толық шешімін таба қойған жоқ. Сол себепті түркі халықтарын құрайтын жекелеген ру-тайпалар мен олардың этногенезіне тоқталу аса қажет зерттеулердің бірі саналады.

Қазіргі таңда ғалымдар қазақ руларының тарихын XII-XIII ғасырлардан ғана бастап қарастыруда. Ал одан ерте кезеңді нақты қарастыру, болжау қиындық тудыруда. Түркі халықтарының төл тарихи шығармаларынан алынған мәліметтер этногенез мәселесін зерттеуге жеткіліксіз, бізге толыққанды деректер бере алмайды. Мәселен, Орхон-Енисей ескерткіштерінде, Талас жазуларында тек жекелеген тарихи оқиғалар ғана суреттелген. Араб деректеріне тоқталсақ, араб саяхатшыларының көбіне Қазақстанның оңтүстік аймақтарымен ғана шектелгенін, Моңғолия, Қытай аумақтарына бармағанын көреміз. Сондықтан араб дереккөздерінен де тақырыбымызға қатысты көп мәлімет табу қиынға соғады. Көне түрк кезеңі, түркі тайпалары туралы мәліметтерді көбіне Қытай деректерінен ғана біле аламыз.

Аталған мақалада ерте орта ғасыр кезеңіндегі тарихи деректерде кездесетін түркі тайпаларының бірі тоғыз оғыз тайпалар бірлестігінің тайпалық құрамы қарастырылып, тоғыз оғыздардың қазіргі түркі халықтарының генезисінде алатын орны жан-жақты пайымдалады.

Түйін сөздер: тоғыз оғыз, сегіз оғыз, ұйғыр, этногенез, түркі тайпалары, этноним, генезис.

Түсті: 05.12.2024; Мақұлданды: 25.06.2025; Онлайн қолжетімді: 01.07.2025

Кіріспе

Орта ғасырлық түркілер тарихы – түркі этносы мен мәдениетінің дамуын, олардың Орталық Азия мен басқа да аймақтардағы саяси, әлеуметтік құрылымдарын қамтитын маңызды кезең. Түркілердің орта ғасырлардағы тарихы көптеген мемлекеттердің құрылуы және олармен арадағы өзара қарым-қатынасымен тығыз байланысты болып келеді. Аталған кезеңде түркі халықтары үлкен империялар мен мемлекеттер құрып, әлемдік тарихқа елеулі әсерін тигізді. Сонымен қатар қазіргі түркі халықтарының мәдени және саяси мұрасының негізін қалады.

Қытай, араб деректерінде және Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінде көптеген түркі этнонимдерінің аты аталады. Мәселен, Батыс Түрік қағанатын құраған *он оқ тайпалары*, Түргеш қағанатын құрған *сары және қара түргештер, отыз татар, үш қарлұқ, тоғыз татар, сегіз оғыз, он ұйғыр* сияқты тайпалар бірлестігінің атаулары кездеседі. Солардың бірі – *тоғыз оғыз* этнонимі.

Тоғыз оғыз – ежелгі түркі тайпалар одағының бірі. Олар туралы ең алғашқы мәліметтер қытай деректерінде кездеседі. Олардың құрамындағы кейбір тайпалардың атауы Вэйшу, Суйшу деректерінен бастау алады. Тоғыз оғыз атауы және оның құрамындағы кейбір тайпалар туралы деректер Орхон-Енисей жазбаларында да кездеседі. Тоғыз оғыздар – 744-840 жылдар аралығында Моңғолия аумағында құрылған Ұйғыр қағанатының негізін құраушы тайпалар бірлестігі. Ұйғыр қағанатын қырғыз тайпалары құлатқаннан кейін тоғыз оғыз тайпалары Моңғолия, Тыуа, Қытай аумақтарына шашырай қоныстанады.

Ғалымдар *тоғыз оғыз* этнониміне байланысты әлі күнге дейін ортақ бір шешімге келе қойған жоқ. Тоғыз оғыз бірлестігінің құрамы да саяси жағдайларға байланысты әр кезеңде өзгеріске ұшырап отырған. Бірлестік орта ғасырларда Моңғолия аумағында Ұйғыр қағанатын құрағанымен, ол тайпалардың барлығын қазіргі ұйғырлармен байланыстыруға болмайды. Ғалымдардың басым көпшілігі тоғыз оғыздардың қазіргі ұйғыр, тыуа халықтарының генезисіне қатысы бар тайпалар бірлестігі болғанын алға тартуда. Кейбір қазақ ғалымдары найман, керей руларының этногенезіне тоғыз оғыздардың тікелей қатысы бар деген пайымдаулар жасауда.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Аталған тақырыпты зерттеу барысында ғылыми еңбектерінде түркі тайпалары, этногенез тақырыптарына байланысты осы уақытқа дейінгі ғалымдардың жүргізген зерттеулерін негізге ала отырып жасалған А.Г. Малявкин, Ю.А. Зуев, А.К. Камалов, т.б. сияқты танымал тарихшы ғалымдардың тоғыз оғыздарға қатысты көлемді еңбектері пайдаланылды.

Жұмыстың сипатына қарай аталған мақалада негізінен жалпыдан жекеге, жекеден жалпыға бағытталған жалпы ғылыми әдістер, сондай-ақ деректанулық, салыстырмалы-тарихи, сипаттау, жүйелеу әдістері қолданылды. Салыстырмалы-тарихи әдіс зерттеу тақырыбы бойынша үлкен көлемдегі деректерді жинақтап, талдау жасауға мүмкіндік береді. Бұрыннан жинақталған деректерді талдау және көне тарихи кезеңдегі

оқиғаларды кешенді зерттеу орта ғасырлық тоғыз оғыз тайпалық бірлестігінің қазіргі түркі халықтарымен этникалық байланыстарын анықтауға көмектеседі.

Тоғыз оғыздар туралы мәліметтер орта ғасырлық Қытайдың «Суйшу», «Син Тан шу» деректерінде баяндалады. Көне түркі тайпалары тақырыбы бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізген ғалымдардың бірегейі, француз-американдық түркітанушы ғалым Дж. Хэмилтон Дуньхуан қолжазбаларынан жинақтаған көне ұйғыр тіліндегі мәтіндерімен танымал. Канадалық синолог ғалым Э. Пуллиблэнк, қытай ғалымы Лю Маоцай қытай деректеріндегі түркі этнонимдері мен атауларын зерттеді. Мажарстандық ғалым К.Цегледи Ішкі Азия мен Шығыс Еуропаның көшпелі халықтарының тайпалық құрылымы мәселелеріне назар аударып, Еуразия даласында өмір сүрген түркі халықтарының бірінші мыңжылдықтағы қысқаша тарихын қарастырды. Жапондық ғалым Т. Мориясу ұйғыр, оғыз этнонимдерін және ұйғыр жазба ескерткіштерін зерттеуге өзінің қомақты үлесін қосты. Сонымен қатар аталған ғалымның «найман» этнонимі мен тарихына байланысты да аса маңызды еңбектері бар. Ал неміс ғалымы Ю. Клапрот ұйғыр жазуы мен жазба ескерткіштерін қарастырса, ұйғыр этнонимін ғылыми айналымға енгізген орыс ғалымы Н.Я. Бичурин өз еңбегінде орта ғасыр түркі тарихы мен тоғыз оғыздарға қатысты маңызды зерттеулер жасады. Түркітанушы башқұрт ғалымы А.З. Валидовтың да орта ғасыр түркі тарихына қатысты көлемді еңбектері бар.

Нәтижелер мен талқылаулар

Тоғыз оғыз – ежелгі түркі тайпасы. «Тоғыз оғыз» этнонимін VIII ғасырдағы Орхон-Енисей жазбаларынан кездестіруге болады. Тоғыз оғыз *«тоғыз рудан тұратын оғыздар»* деген мағынаны білдіреді. Ал ислам дереккөздерінде *«тоғуз гуз»* деп аталады.

В.В.Бартольд өз еңбегінде араб саяхатшыларының деректеріне сүйене отырып, олардың Ұйғыр қағанаты кезеңінде ұйғырлар емес, тоғыз оғыздар деп аталғанын атап өтеді [1, 568]. Тек М.Қашқари ғана «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде (1072-1077 жж.) «тоғыз оғыз» этнонимінің орнына «ұйғыр» этнонимін ғана қолданған. В.В.Бартольд сол кезеңдегі араб тілді саяхатшыларға қарағанда Махмұд Қашқаридың ұйғырларды жақсы білгендігін атап өтеді. Ғалым «М.Қашқари Орта Азия халықтары туралы мәліметтерді басқа араб авторлары сияқты кітап деректерінен емес, тікелей өзі таныс болу арқылы қалдырған», – деп пайымдайды [1, 58]. Қытай деректеріне тоқталып өтсек, Ұйғыр қағанаты кезеңін араб саяхатшылары *тоғыз оғыз* деп атаса, қытай деректерінде аталған кезең *ұйғыр* этнонимімен берілген [2, 7]. Тоғыз оғыздар құрамындағы ең үлкен тайпа ұйғыр тайпасы болған. Бірақ қытай деректерінде Орта Азияның ежелгі және орта ғасырлық Моңғолия жерін мекендеген кейбір тайпалар бірлестігі *«хуйхэ»*, *«хуйху»* (*«ұйғыр»*) этнонимімен ғана аталған. Ал «тоғыз оғыз» тайпалар бірлестігінің ортақ атауы болған [3, 26]. Ал В.Томсен «оғыздар мен ұйғырлар бір халық» деген көзқарасты алға тартады. «Оғыз – халықтың ежелгі атауы болса, ұйғыр – жаңашаланған саяси атау» деген тұжырымды қолдайды [1, 197]. Орта ғасыр деректерінен бұл тайпа бірлестігінің ұйғыр этнонимімен байланысты болғанын көреміз. Алғашында тоғыз оғыз тайпалар бірлестігі болып құрылса, кейіннен Көне түрк мемлекетін құлатып, Ұйғыр қағанатын құрған.

Қытай деректерінде бұл тайпалардың барлығының ортақ атауы ұйғыр (деректерде ұйғыр атауы әртүрлі этнонимдермен беріледі: «юаньхэ», «вэйхэ», «хуэйхэ», «хуйхэ») болған. А.Г. Малявкиннің пайымдауынша, аты аталатын тайпалардың ортақ атауының ұйғыр болуы және қағанаттың ұйғыр аталуы сол тайпалардың арасында ұйғыр тайпасының ең күштісі әрі саны жағынан көп болуынан деп есептейді.

Ұйғырлар туралы алғашқы мәліметтер Вэй (386-558 жж.) және Суй (589-618 жж.) әулеті кезеңіндегі қытай жылнамаларында кездеседі. «Вэй шу» жылнамасында «гаогюй» деп аталса, «Суй шу» жылнамасында гаогюйлердің ұрпағы «те-лэ» деп аталады [4, 12-13].

Дереккөздерде хуйхэ тайпалар одағының құрамына кіретін тайпалардың санының әртүрлі болып келетіндігі аталып өткен. Ежелгі ұйғырлардың арғы тегі Гаочэ бірлестігі 18 тайпадан құралған. Алғашқы кездері гаочэ тайпалары қазіргі Қытайдың Хансу провинциясында қоныс тепкен [5, 59].

Кейіннен жазылған Синь Тан шу дереккөзінде ұйғыр тайпаларының құрамына «юаньхэ», «сюе-яньто», «ци-би-юй», «дубо», «гулигань», «доланьгэ», «пугу», «ба-е-гу», «тунло», «хунь», «сыцзе», «хусюэ», «сицзе», «аде», «байси» деген он бес тайпаны енгізеді [6, 330]. Синь Тан шудағы осы он бес тайпаның барлығы да ұйғыр (хуэйхэ) тайпалары деп аталған. Ұйғырлар аталған тайпалардың ішіндегі ең күштісі болғандықтан, осылай аталуы мүмкін деген болжам бар [7, 16]. Суй Шу дереккөзіндегі тоғыз оғыз бірлестігіне кіретін пугу, тунло, вэйхэ (ұйғыр), ба-е-гу, сыцзе, хунь тайпалары Тола өзенінің солтүстігін мекендеген. Ивудың батысында (қазіргі ШҰАР, Хами аймағы), Яньцидың солтүстігінде (қазіргі ШҰАР, Қарашар аймағы), Бэйшаньды қапталдай (бұл жерде қытайлар қысы-жазы қар басып тұратын тауларды атаған, А.Г.Малявкиннің пайымдауынша, бұл жерде Тянь-Шань тау жүйесінің шығыс бөлігі айтылып тұр) тоғыз оғыздардың құрамына кіретін циби тайпасы мекендеген [6, 54].

Дегенмен «тоғыз оғыз» этнонимі мен «ұйғыр» этнонимін бір деп қарастыруға болмайды. Тоғыз оғыз бірлестігі туралы 646 жылы Сеяньтолар қағанаты (ғалымдар қазіргі қыпшақтардың арғы тегі болған тайпа деп есептейді) құлағаннан кейін нақты айтыла бастайды. Тоғыз оғыздар құрамындағы ұйғырлар бірлестік құрамындағы басқа тайпаларға қарағанда мықты тайпа болғандығы ескеріледі. Қытай деректеріндегі алғашқы «тоғыз оғыз» этнонимі – цзю син теле (немесе цзю син) деп аталған. Ол «тоғыз теле тегі» деген мағынаны білдіреді. Бірлестіктің тоғызға бөлінуі туралы Э.Пуллиблэнк оғыз тайпалары этникалық сипатта емес, саяси сипатына байланысты тоғызға бөлінген деп есептейді. Сондықтан бірлестік құрамының саяси жағдайларға байланысты өзгеруі оның ішкі құрылымының өзгеруіне әсер етпейді деп есептейді [5, 65-66]. А.Г.Малявкин тоғыз оғыздардан бөлек басқа да тайпаларда тоғызға бөліну кең етек алғандығын атап өтеді. Мәселен, «Синь Тан шу» дерегінде «тоғыз басмыл», «тоғыз байырқу», Ляо ши және Күлтегін ескерткішінде «тоғыз татар», қытай деректерінде соғдылықтардың «тоғыз Ху тайпасы», Се Женьгуя ғұмырнамасындағы «тоғыз туцзюэ» этнонимдерін атап өткен [2, 7].

Орхон-Енисей деректеріне келетін болсақ, ескерткіште тоғыз оғыздар туралы мына деректер келтіріледі. Ескерткіште тоғыз оғыз құрамына кіретін байырқу тайпасының Қапаған қағанға қарсы көтерілісі айтылады. «Оның шабуылын түрк бектері жақсы білесіңдер! Ол әскерді сол жерде талқандадық. Осыдан кейін Байырқылық Ұлық Еркін

(бізге) жау болды» [8, 77]. Байырқулардың жеңілісінен кейін тоғыз оғыздардың басқа да тайпалары көтеріліске шығады. Орхон-Енисей ескерткішінде тоғыз оғыз тайпаларымен арадағы соғыс былайша суреттеледі: «Күлтегін алып Шалшы ағын мініп, Шабуылға ұмтылды. Ол ат сонда құлады. Ізгіл халқы қырылды. Тоғыз оғыз халқы өзіме тән (бағынышты) халық еді, Жер-көктің бұлқан-талқандығынан жау болды»; «Күлтегін Аз қарагерін мініп, шабуылға ұмтылып, бір ерін шанышты. Тоғыз ерін қуып, тақымға басты. Едіз халқы сонда қырылды»; «Оза келген жау әскерін Күлтегін қуып, Тоңра руынан шыққан он ерді Тоңатегінді жерлеген жерде қуып жетіп өлтірдік» [8, 82]. Жазба ескерткіште байырқу, тоңра, ізгіл және едиз тайпаларының атауы кездеседі.

Синь Тан шу дереккөзіндегі тоғыз оғыздарды құрайтын тоғыз тайпаның атаулары: *хуэйхэ*(ұйғыр), *пугу*, *хунь*, *баегу*(байырқу), *тунло*, *сыңзе*(ізгіл), *чиби*. Осы жеті тайпа Таң империясы дәуірінің бастапқы кезеңінде-ақ жазба деректемелерде әйгілі болған. Соңғы екі тайпа (*абусы және гулуньвугукун*) Тяньбо жылдарынан (742-756) кейін ғана алдыңғы жеті тайпаға барып қосылған [6, 225].

Ал түрік ғалымы А.Ташагыл тоғыз оғыздардың құрамына төмендегі тайпаларды енгізеді: *байырқу*, *тонла*, *изгил* (*сыңзе*), *чиби*, *абусы*, *кулунуку*, *ацисы* (*едиз*), *пугу*, *хунь*. Ғалым аталған тоғыз тайпаның ішіне ұйғыр тайпасын қоспайды. Бұл сұраққа байланысты А.Ташагыл мынадай пікір айтады: Ол тоғыз оғыздардан бөлек кездесетін он ұйғыр этнониміне байланысты «аталған тоғыз тайпаға ұйғыр тайпасы қосылып он ұйғыр» аталды деп түйіндейді [9, 113]. А.Ташагыл өз еңбегінде тоғыз оғыздарға кейіннен қосылған *эдиз* тайпасын да атап өтеді. Эдиз тайпасы туралы мынадай мәліметтер келтірілген: «788 жылы Ұйғыр қағанатының атынан Қытайға едиз тайпасынан шыққан елші келгендігі туралы айтылады. Демек бұл уақытта едиз тайпасы тоғыз оғыздардың құрамында болған» [9, 130]. Ал 795 жылы яғлақар тегінен шыққан қаған мұрагер қалдырмай, қайтыс болғаннан кейін эдиз тайпасынан шыққан жоғары лауазымдағы Кұтлығ тоғыз оғыздарға қаған болады. Ал қағанат құрылған кезде (663 ж.) эдиз тайпасы тоғыз оғыздардың құрамына енбеген болатын [2, 21].

Тоғыз оғыз құрамындағы кейбір тайпалардың орналасқан аймағына тоқталсақ:

Баегу (*байырқу*) тайпасы алғашында Тола өзенінің бойында орналасқан. Қытай деректерінде олардың шөлдің терістік жағына шашырай қоныстанғандығы айтылады. Жерінің көлемі мың шақырымға созылады. Қоныстанған аумағы пугулердің шығыс жағында, мохэлермен (тұңғыс-манчжур тайпасы) іргелес отырған. Халқының саны алпыс мың үй, әскерінің саны он мың (Бичурин әскер санына күмән келтіреді). Жерінің аумағы үлкен болған. Қазіргі Цицин хан жерінің солтүстік-шығысын және Нерчин ауданының шығыс жағын мекендеген. Аумағында Кангань (қазіргі Амур өзені, қытайша атауы – Хэйлунцзянь) өзені бар. Чжэнь-гуань жылнамасының үшінші жылы (629 жыл) пугу, тунло, си (байси тайпасы, баегулардың шығысында, Хинган тау жоталарының батыс сілеміндегі тайпа) тайпаларымен бірге патша ордасына бағыныштылық танытты. Бұдан кейін де бұл тайпаның басқада тайпалармен бірлесіп, патша сарайында бодандық алғандығы туралы айтылады [6, 376]. Байырқу тайпасы Қапаған қағанға қарсы көтерілістегі жеңілісінен кейін басқа да тоғыз оғыз тайпаларымен бірге Қытайға бағыныштылығын мойындап, көшуге мәжбүр болған.

Пугу тайпасы – Доланьгэлдердің (телеңгіттер, ғұндардың бір әулеті) шығыс жағында қоныстанған, солтүстікте орналасқан тайпа. Халқының саны отыз мың үй, әскерінің саны он мың. Алғашында туцзюелерге (көк түріктер), кейіннен сюеяньтоларға бағынды. Сюеяньтолар құлағаннан кейін, тайпа басшысы Шафу сылифа гэлань боянь Қытайға бағыныштылық танытады [6, 377].

Тунлолар сюеяньтолардың солтүстік жағына қоныстанған. Доланьгэлдердің шығыс жағында (астанасынан (Чанань) 7000 ли шалғайда). Әскер саны – отыз мың. Қытайдағы Ань Лушань бүлігі кезінде соғысқа қатысты [6, 377].

Хунь тайпасы Тола өзенінің бойында ең оңтүстікте орналасқан тайпа. 630 жылы ізгіл, мең-чен, хусие тайпаларымен Қытайға бодандығын мойындады. Олар қоныстанған жер Гаолань ауданы деп аталды. Кейіннен шығыс және батыс болып екіге бөлінді [9, 62].

Цибі тайпасы Яньцидің (Қарашар қаласы) солтүстік-батыс жағындағы Инсо (Хурь-хара-усу) өзені бойында қоныстанған (Доланьгэнің оңтүстік жағында). Бұл тайпа 632 жылы патшаға бағынады, кейіннен патшалық оларды Гань (қазіргі Ганьсу провинциясындағы Чжан е.), Лян (қазіргі Ганьсу провинциясындағы У-вэй) аумағына орналастырды [10, 354; 6, 377].

Аде немесе *адье* (*едиз*) тайпасы – Байкал көлінің оңтүстік-шығысында, Тола өзенінің бойында қоныстанған тайпа, әскерінің саны 1700. Кейіннен байырқулармен бірге 627 жылы Қытай бодандығына кіреді, 648 жылы олардың қоныстанған жері Гитянь деп аталады [9, 49].

Сыцзе (*ізгіл*) тайпасы 603 жылдарда Тола өзенінің бойына қоныстанды. Хун, мең-чен, хусие тайпаларымен бірге қоныстанып, бірге жиырма мың әскер шығара алған. Сыцзелер сюеянтотардың бұрынғы ордасы болған жерде қоныстанған [9, 103].

Қытай деректерінде тоғыз оғыз тайпаларының көне түрк мемлекетін құлатқаннан кейін 745 жылы Моңғолия аумағында Ұйғыр қағанатын құрғандығы атап өтіледі. Ұйғыр қағанының негізгі ордасы Орхон өзенінің бойында орналасқан [1, 50]. Деректерден тайпалардың Тыуа, Моңғолия, Қытай аймағында саяси жағдайларға байланысты көшіп-қонып жүруге мәжбүр болғандығын көреміз. Екінші бір себеп түркілердің көшпелі өмір сүру салтына да байланысты болуы мүмкін.

Тоғыз оғыз тайпалар бірлестігінің құрамындағы ұйғыр тайпасы саны жағынан тоғыз оғыздардың ішіндегі ең күштісі болғандықтан, қағанат Ұйғыр қағанаты деп аталуы мүмкін, оны мына деректерден байқауға болады. Ұйғырлардың әскер саны басқа тоғыз оғыз тайпаларына қарағанда бірнеше есе көп болған. Басқа тайпалар он мың әскер шығарса, тек ұйғыр тайпасы 50 мың әскер шығара алған [5, 67].

Дереккөздерде тоғыз оғыз этнонимімен қатар *он ұйғыр* этнонимін де кездестіреміз. Он ұйғыр деп тоғыз оғыздар құрамындағы *ұйғыр* (*хуэйхэ*) тайпасының құрамы айтылады. Тан Шу дерегінде он ұйғырлар төмендегідей бөлінеді: *яглакар* (*яолэгэ*), *утуркар* (*худугэ*), *қурабир* (*цзюйлэу/долоу*), *боксит* (*могэсихэ*), *авучаг* (*аучжай*), *хазар* (*хэса*), *угуз* (*хувэньсу*), *ябуткар* (*яогэ*), *аявир* (*сиеу*). Тоғыз оғыз қағандары ұйғыр тайпасының яғлақар тегінен шыққан [5, 66]. Жоғарыда он ұйғырлардың тек тоғыз тегі аталып өткен. Мұны А.Г.Малаявкин сол кезеңдегі дерек жазушылардың он ұйғырларды тоғыз оғыз атауымен шатастырып, тек тоғыз тегінің атауын қалдырған деп есептейді.

Тоғыз оғыздардың қазіргі ұйғырлардың этногенезіне қаншалықты қатысы бар екендігіне тоқталып өтсек, 840 жылы қырғыздардың шабуылынан Ұйғыр қағанатының құлағандығы, соған байланысты Моңғолия жеріндегі түркілердің Қытай Түркістан аумағына көшуге мәжбүр болғандығы айтылады [1, 50]. Ұйғыр конфедерациясына кірген теле тайпалар одағы 866 жылы Турфан жазығын жаулап алады [2, 131]. Осылайша қазіргі ұйғыр халқының қалыптасуының негізі қаланды.

Ғалымдар арасында «тоғыз оғыз тайпаларының бір бөлігі қазіргі Тыуа халқының этногенезін құрайды» деген пікірлер де бар [11, 57]. VIII ғасырдың ортасында Шығыс Түрік қағанатын құлатқан тоғыз оғыздар Орталық Азияның ауқымды бөлігіне және Тыуа аумағына қоныстанады. Кейбір ұйғыр тайпалары Тыуа жерінде қалды [12, 11]. Қазіргі кезде Тыуада ұйғыр, ондар немесе ондар-ұйғыр деп аталатын тек сақталған [7, 63-68].

Қазіргі кезеңде кейбір қазақ ғалымдары наймандар мен керейлерді тоғыз оғыздардан таратады. Х.М.Ғабжалилов, С.Ақатаев, Р.Қабдыкарим, А.Ш.Қадырбаев, Ж.Ошан, Қ.Сартқожаұлы осы тұжырымды қолдайды. Н.А.Аристов Шыңғыс хан кезеңіне дейін Монғолия аумағында түркі тайпаларының өмір сүргенін және осы кезеңде наймандар мен керейлердің ең мықты тайпалардың бірі болғанын атап өтеді [13, 213]. Осы кезеңдерде солтүстік Қытай жерінде қидандар күшейіп, Ляо империясын құрады. Найман және керей тайпалары Ляо империясының құрамына кіреді.

«Найман» атауы түркілік сегіз оғыз тайпа бірлігінен шыққан, бұл оларға көршілес халықтардың қойған атауы деп көрсетіледі. Наймандардың этногенезін анықтауда үлкен үлес қосқан жапон ғалымы С.Мураяма аталған пікірді қолдайды [14, 61]. Тоғыз оғыздар мен наймандардың байланысы болған деген тұжырымды дәлелдейтін деректердің бірі ретінде, наймандардың ұйғыр әліпбиін қолданғанын айта кетуге болады.

Қазіргі таңда М.Жолдасбеков пен Қ.Сартқожаұлы керейлер мен наймандардың арғы тегіне тоғыз оғыздардың тікелей қатысы бар деп санайды. Наймандар сегіз оғыз бірлестігінен, ал керейлер тоғыз оғыз бірлестігінен тарайды деп пайымдайды [15, 74].

Найман сөзінің шығу тегіне байланысты да әр түрлі пікірлер қалыптасқан. Солардың бірі – моңғол тілінен аударғанда «*найм*» сөзінің сегіз мағынасын беруі. Сонымен қатар деректерде *сегіз оғыз* этнонимі де кездеседі. Деректерде ұйғыр қағанының сегіз оғыздармен соғысы баяндалады. «*Сегіз оғыз*» этнонимі туралы А.К.Камалов былай дейді: «Элетмиш Билге қаған кезінде яғлакарлар өз халқымен соғысады». Ұйғырлардың билеуші әулеті (яғлақар) өз халқымен, яғни тоғыз оғыздармен келісімге келе алмай, соғысады. Л.Н.Гумилевтің пайымы бойынша «*сегіз оғыздар*» қидан тайпалары саналады. Оған дәлел ретінде қидандардың сегіз тайпадан құралғандығын келтіреді. Бірақ қидандар көне түрк және көне ұйғыр ескерткіштерінде өз атауымен, яғни «китан» нұсқасында беріледі. Осыған орай ғалым «Сегіз оғыздар – ұйғырлардан басқа тоғыз оғыз құрамындағы сегіз тайпа» деген тұжырым жасайды [5, 81].

Қорытынды

Қытай деректеріндегі ұйғыр атауымен берілген тоғыз оғыздардың барлығын қазіргі ұйғыр халқымен байланыстыра беруге келмейді. Деректерден тоғыз оғыз тайпаларының

Моңғолия мен Қытай аумақтары арасында саяси жағдайларға байланысты көшіп-қонып жүруге мәжбүр болғанын көреміз. Тоғыз оғыздардың бастапқы кезде Монғолия жерінде Шығыс Түрік қағанатымен көршілес болғаны байқалады. Олар Шығыс Түрік қағанатымен болған соғыстан кейін Қытай билігін мойындауға мәжбүр болады. Кейіннен Шығыс Түрік қағанатының орнына құрылған Ұйғыр қағанаты (тоғыз оғыз елі) да алғашында Моңғолия аумағында құрылғанымен, қағанат құлағаннан кейін құрамындағы тайпалар Моңғолия, Орта Азия, Қытай, Тыуа аймақтарына шашырай қоныстанады.

Бірлестіктің «тоғыз оғыз» деген атауы нақты тоғыз тайпадан құралғандығын білдірмейді, одақтың құрамы сол кезеңдегі саяси жағдайға байланысты өзгеріп отырған. Түркі тайпаларының көбі *тоғыз* немесе *үш* сандарымен аталады. Тоғыз оғыздардың қазіргі түркі халықтарының этногенезінде алатын рөлі туралы әлі де ғылыми шешімін таппаған пікірлер бар. Аталған тақырып ғалымдар тарапынан әлі де терең зерттеулерді талап етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Бартольд В.В. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. – М.: Вост. лит. РАН, 2002. – 757 с.
2. Малявкин А.Г. Уйгурские государства в IX-XII вв. – Новосибирск: Наука, 1983. – 298 с.
3. Малявкин А. Г. Материалы по истории уйгуров в IX-XII вв. // История и культура востока Азии. – Новосибирск: Наука, 1974. Т. 2. – 210 с.
4. Позднеев Д. Исторический очерк уйгуров (по китайским источникам). – СПб.: Типография императорской АН, 1899. – 160 с.
5. Камалов А.К. Древние уйгуры VIII-IX вв. – Алматы: Наш Мир, 2001. – 216 с.
6. Қазақстан тарихы туралы Қытай деректемелері. IV том. Әулеттік тарихи жылнамалар. 2-бөлім. – Алматы: Дайк-Пресс, 2006. – 480 б.
7. Потапов Л.П. Очерки народного быта тувинцев. – Москва: Наука, 1969. – 401 с.
8. Жолдасбеков М. Көне түрк жазба ескерткіштері. – Астана, Ғылым, 2017. – 288 б.
9. Taşağıl A. Çin kaynaklarına göre Türk boyları: M.Ö. III-M.S. X. Asır. – Ankara: Türk Tarih Kurumu, 2004. – 206 s.
10. Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. – Алматы: «Жалын баспасы», 1998. – 390 с.
11. Кызласов Л.Р. История Тувы в средние века. – М: Изд. Московского университета, 1969 г. – 219 с.
12. Вайнштейн С.И. Мир кочевников центра Азии. – М.: Наука, 1991. – 296 с.
13. Аристов Н.А. Этногенез и этническая история казахов – Павлодар: ТОО «ЭКО», 2005. – 372 с.
14. Қиянатұлы З. Монғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары: IX-XII ғасыр. – Астана: Елорда, 2001. – 208 б.
15. «Қазақ ру-тайпаларының тарихы». Найман. X том. Бірінші кітап. – Алматы: «Алаш» тарихи-зерттеу орталығы, 2008. – 457 б.

А.Б. Рысбекова

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Генезис и этническая связь этнонима тогуз-огузы с современными тюркскими народами

Аннотация. В истории тюркских народов раннесредневековый период все еще требует уточнений и глубоких исследований. В изучении истории каждого народа вопрос этногенеза играет очень важную роль. К сожалению, проблема этногенеза современных тюркских народов до сих пор не решена окончательно. Поэтому исследование отдельных родов и племён, составляющих тюркские народы, и их этногенеза является одной из важных тем для изучения.

На сегодняшний день история казахских родов рассматривается только с XII-XIII веков. А вот изучение более раннего периода вызывает сложности, и предсказать его тяжело. Данные, полученные из тюркских исторических источников, недостаточны для исследования проблемы этногенеза, они не могут предоставить полные сведения. Например, в Орхон-Енисейских памятниках, Таласских надписях изображены лишь отдельные исторические события. Что касается арабских источников, то арабские путешественники в основном ограничивались южными регионами Казахстана и не посещали Монголию и Китай. Поэтому из арабских источников мы не можем получить много информации по нашему вопросу. Древние данные о тюркских племенах чаще всего можно узнать только из китайских источников.

В данной статье рассматривается состав племён союза тогуз огузов, встречающихся в исторических источниках раннего средневековья, и анализируется роль тогуз огузов в генезисе современных тюркских народов.

Ключевые слова: тогуз огузы, сегиз огузы, уйгуры, этногенез, тюркские племена, этноним, генезис.

A.B. Rysbekova

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

Genesis and Ethnic Connection of the Ethnonym Toghuz-Oghuz with Modern Turkic Peoples

Abstract. In the history of the Turkic peoples, the early medieval period still requires clarification and in-depth research. In the study of the history of each people, the issue of ethnogenesis plays a very important role. Unfortunately, the problem of the ethnogenesis of modern Turkic peoples has not yet been fully resolved. Therefore, the study of individual clans and tribes that make up the Turkic peoples and their ethnogenesis is one of the important topics for research.

Currently, the history of the Kazakh clans is only considered from the 12th-13th centuries. However, studying the earlier period presents difficulties, and it is hard to predict. The data obtained from Turkic historical sources are insufficient for researching the issue of ethnogenesis, and they cannot provide complete information. For example, the Orkhon-Yenisei inscriptions and the Talas inscriptions only describe individual historical events. As for Arabic sources, Arab travelers mainly limited themselves to the southern regions of Kazakhstan and did not visit Mongolia or China. Therefore, we cannot obtain

much information related to our topic from Arabic sources. Ancient data about Turkic tribes is mostly available only from Chinese sources.

This article examines the composition of the tribes of the union of the Toquz Oghuz, found in early medieval historical sources, and analyzes the role of the Toquz Oghuz in the genesis of modern Turkic peoples.

Keywords: Toquz Oghuz, Sekiz Oghuz, Uyghurs, ethnogenesis, Turkic tribes, ethnonym, genesis.

References

1. Bartold V.V. Raboty po istorii i filologii tyurkskikh i mongol'skikh narodov [Works on the history and philology of Turkic and Mongol peoples] (Vost. Lit. RAN, Moscow, 2002, 757 p.). [in Russian]
2. Malyavkin A.G. Uygurskie gosudarstva v IX-XII vv. [Uighur states in the 9th-12th centuries] (Nauka, Novosibirsk, 1983, 298 p.). [in Russian]
3. Malyavkin A.G. Materialy po istorii uygurov v IX-XII vv. [Materials on the history of the Uighurs in the 9th-12th centuries], Istoriya i kul'tura vostoka Azii [History and culture of East Asia], 2, 210 (1974). [in Russian]
4. Pozdneev D. Istoricheskii ocherk uygurov (po kitayskim istochnikam) [Historical outline of the Uighurs (based on Chinese sources)] (Tipografiya Imperatorskoy AN, St. Petersburg, 1899, 160 p.). [in Russian]
5. Kamalov A.K. Drevnie uygury VIII-IX vv. [Ancient Uighurs of the 8th-9th centuries] (Nash Mir, Almaty, 2001, 216 p.). [in Russian]
6. Kazakstan tarikhı turaly Kytay derektemeleri. IV tom. Auletik tarikhı zhylnamalar. 2-bölim [Chinese sources on the history of Kazakhstan. Volume IV. Dynastic historical chronicles. Part 2] (Daik-Press, Almaty, 2006, 480 p.). [in Kazakh]
7. Potapov L.P. Ocherki narodnogo byta tuvintsev [Essays on the traditional life of the Tuvans] (Nauka, Moscow, 1969, 401 p.). [in Russian]
8. Zholdasbekov M. Kone turk zhazba eskerkishteri [Ancient Turkic written monuments] (Gylym, Astana, 2017, 288 p.). [in Kazakh]
9. Taşağıl A. Çin kaynaklarına göre Türk boyları: M.Ö. III-M.S. X. Asır [Turkish tribes according to Chinese sources: 3rd century BC – 10th century AD] (Türk Tarih Kurumu, Ankara, 2004, 206 p.). [in Turkish]
10. Bichurin N.Ya. Sobranie svedenii o narodakh, obitavshikh v Sredney Azii v drevnie vremena [Collection of information on the peoples who lived in Central Asia in ancient times] (Zhalyln, Almaty, 1998, 390 p.). [in Russian]
11. Kyzlasov L.R. Istoriya Tuvy v srednie veka [History of Tuva in the Middle Ages] (Moscow University Press, Moscow, 1969, 219 p.). [in Russian]
12. Vaynshteyn S.I. Mir kochevnikov tsentra Azii [The world of nomads of Central Asia] (Nauka, Moscow, 1991, 296 p.). [in Russian]
13. Aristov N.A. Etnogenez i etnicheskaya istoriya kazakhov [Ethnogenesis and ethnic history of the Kazakhs] (EKO, Pavlodar, 2005, 372 p.). [in Russian]
14. Kiyanatuly Z. Mongol usturtin meken etken songy turki taipalary: IX-XII gasyry [The last Turkic tribes residing on the Mongolian plateau: 9th-12th centuries] (Elorda, Astana, 2001, 208 p.). [in Kazakh]

15. Kazak ru-taipalarynyn tarihy. Naiman. X tom. Birinshi kitap [History of Kazakh clans and tribes. Nayman. Volume 10. First book] (Alash Historical Research Center, Almaty, 2008, 457 p.). [in Kazakh]

Автор туралы мәлімет:

Рысбекова А.Б. – Түркітану кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Рысбекова А.Б. – докторант кафедры тюркологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

Rysbekova A.B. – PhD student at the Department of Turkology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).